

Қазақстан Республикасы Үкіметінің төтенше резервінен қаражат бөлу туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2005 жылғы 10 қарашадағы N 1120 Қаулысы

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Жамбыл облысының әкіміне қалың жауған қардан зардап шеккен Жамбыл облысы Жуалы ауданының Орджоникидзе атындағы мектеп ғимаратының құрылыс-монтаждау, жөндеу-қалпына келтіру жұмыстары кешенін аяқтау және оны сейсмикалық күшейтуді жүргізу үшін 2005 жылға арналған республикалық бюджетте көзделген Қазақстан Республикасының және басқа мемлекеттердің аумағындағы табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайларды жоюға арналған Қазақстан Республикасы Үкіметінің төтенше резервінен 110997000 (бір жүз он миллион тоғыз жүз тоқсан жеті мың) теңге бөлінсін.

2. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі бөлінген қаражаттың мақсатты пайдаланылуын бақылауды жүзеге асырсын.

3. Жамбыл облысының әкімі Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрлігіне 2005 жылы орындалған жұмыстардың көлемі мен құны туралы есеп берсін.

4. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Премьер-Министрі